

**2023-2024 оқу жылында Сағыз орта мектебін мектепшілік өзін-өзі аттестациядан өткізу қорытындысы туралы анықтама**

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті төрағасының 2021 жылғы 3 тамыздағы №634 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында мемлекеттік аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулықтың 3-тарау, 52-тармағын басшылыққа ала отырып, 2022 жылдың қараша айының 1-30 аралығында мектепшілік өзін-өзі аттестаттау өткізілді.

Мектепшілік өзін-өзі аттестациялауды ұйымдастыруға және өткізуге байланысты төмендегідей комиссия құрамы бекітілді.

1. Г.М.Жумагазина – комиссия төрайымы, мектеп директоры
2. Ж.Д.Даулетбаева - комиссия төрайымының орынбасары, директордың ОЖ орынбасары
4. Қ.Р.Тайшыбай - комиссия төрайымының орынбасары, директордың ТДЖ орынбасары
5. Л.А.Нұрмағанбет – жаратылстану пән мұғалімі, педагог-зерттеуші

Комиссия мүшелері мектептің білім беру қызметінің сапасы мен нәтижесін тексеруде, зерттеуде мына бөлімдер қамтылды.

1) білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі (бағаланатын кезеңге жылдық жұмыс жоспарларының көшірмелері қоса беріледі);

2) білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі. Бағалаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;

3) “Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы” Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы №500 бұйрығы; “Жалпы білім беру ұйымдарына арналған білім береті пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы” ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірде №115 бұйрығы (2022жылғы 16 қыркүйектегі №399; 2022ж. 21 қарашадағы №467; 2023ж. 5шілдедегі №199) сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

4) білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі);

5) білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру сабақтан тыс іс-әрекеттің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге қосымша сабақтар кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар

спорттық, шығармашылық және мәдени конкурстарға, жарыстарға, фестивальдар мен байқауларға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

6) білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);

7) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру (бағаланатын кезеңге жеке оқу жоспарлары мен бағдарламаларының көшірмелері қоса беріледі);

8) ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылатын вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстарын іске асыру (бағаланатын кезеңге вариативтік компонент сабақ кестелерінің көшірмелері, сонымен қатар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға қатысу нәтижелері қоса беріледі);

9) "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" міндетті оқу курсы зерделеу;

10) "Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсы іске асыру;

11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау. Біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары (жабдыққа арналған жүкқұжаттардың және/немесе бухгалтерлік есептік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі көшірмелері), осы Өлшемшарттардың 10, 11, 12, 13, 14, 17-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер, оның ішінде жалпы білім беру ұйымы бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы жөніндегі бейне материалдар қоса беріледі.

**1. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар:**

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы;

2) білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

3) сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау.

**1. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:**

1) ЖБП үлгілік оқу бағдарламалары мен МЖМБС талаптарына сәйкес тиісті білім беру деңгейінің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндеріне) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі (оқытудан күтілетін нәтижелер) (білім алушыларды қорытынды аттестаттау хаттамаларының, сондай-ақ ЖББ ҮОЖ инвариантты компонентінің әрбір оқу пәні бойынша бір бейне материал қоса беріледі);

2) 2, 3, 4-сыныптар үшін оны орындау мүмкіндігін ескере отырып (астрономиялық сағаттарда) үй тапсырмасына қойылатын талаптарды сақтау;

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 52 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №13137 болып тіркелген) білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптарын сақтау;

4) МЖМБС талаптарына сәйкес ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде инклюзивті білім берудің (дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу) талаптарын орындау;

5) 4, 9, 11-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және МЖМБС бекіткен тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау (білім алушылардың білік және дағды, білім сапасын бағалау ведомостарының көшірмелері, сонымен қатар осы Өлшемшарттардың 15 және 16-қосымшаларына сәйкес толтырылған кестелер қоса беріледі).

1. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау;

2) сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау.

**Білім беру ұйымының жылдық жұмыс жоспарының болуы және МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі .**

«Сағыз орта мектебі» мемлекеттік мекемесі 1979 жылы салынған.

Жалпы орта білім беретін мектеп 3 қабатты.

Жобалық сыйымдылығы 464 орындық. Қазір мектепте 269 оқушы білім алуда.

Мекеме ғимаратының түрі: типтік .

Жалпы көлемі: 3622 ш.м.

Оқу тілі : қазақ

Жаңа оқу жылын 15 класс комплектісімен бастады. Бастауыш класта 4класс, 7класс жинақ -117 оқушы. Орта буын - 5 класс, 6класс жинақ-130 оқушы. Жоғары буында-2 класс, 2класс жинақ, оқушылардың саны-32оқушы.

2023-2024 оқу жылында «Сағыз орта мектебі» КММ-нде оқушы саны-оқу жылы басында 283 оқушы, қазіргі таңда 278 оқушы, мектепалды даярлық класында-23. Мектепте барлығы мектепалды даярлық тобымен 12класс, 16 класс жинақ.

Сыныбы	Барлық оқушы саны
1 сынып	31
2 сынып	27
3 сынып	30
4 сынып	28
5 сынып	38
6 сынып	22
7 сынып	23
8 сынып	24
9 сынып	23
10 сынып	15
11 сынып	17

Оқу процесін ұйымдастыру 2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіреку тізімінде №8275 болып тіркелген); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарласы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіреку тізімінде №14235 болып тіркелген)

Оқушыларға арналған оқу жүктемесіде МЖМБС талаптарына сай жасалған. Әр сынып бойынша апталық сағат жүктемесі төмендегідей:

Сыныптар	Апталық жүктемесі
1	19,5 сағат
2	24 сағат
3	26 сағат
4	26 сағат
5	28,5 сағат
6	28,5 сағат
7	31,5 сағат
8	32,5 сағат
9	34 сағат
10	35 сағат
11	35 сағат

**Мектептің негізгі мақсаты:** Оқу-тәрбие үрдісіне жаңаша мазмұн беру арқылы жан-жақты дамыған, қоғам талабына сай, шығармашылық қабілеті мол жеке тұлғаны тәрбиелеу.

**Міндеттері:**

- тәрбие, білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын, мемлекеттік стандартын, нормативті құжаттар, әдістемелік нұсқауларды талдау, игеру жұмыстарын ұйымдастыру;
- Оқыту мен тәрбиені ұйымдастырудың жаңа формаларын, әдістерін педагогикалық технологиялармен байыту;
- Жас мамандарға, пән мұғалімдеріне, сынып жетекшілеріне педагогтік қызметте жас ерекшелігін ескере отырып, диагностикалық, сараланған негізде әдістемелік көмек көрсету;

- білім берудің жеке сипатын дамыту, білім берудің заманауи инновациялық технологияларын енгізу;
- баланың өзін-өзі еркін дамыту және оның өміршеңдігі аймағын кеңейту мақсатында мықты, сабақтан тыс және мектептен тыс қызмет жүйесін құру;
- оқушылардың мектептік өзін-өзі басқаруды дамыту шарты ретінде көшбасшылық қасиеттерін және болашағы үшін жауапкершілікті жетілдіру; -
- дарынды балалармен жұмыс жүйесін іске асыру;
- үш тілді дамыту, тіл және жалпы мәдениетті өзара байланысты дамыту;
- инклюзивті білім беруді дамытудың инновациялық тетіктері мен жағдайларын жасау;
- рухани-адамгершілік құндылықтарды, патриотизмді нығайту және оқушылардың азаматтық белсенділігін арттыру;
- бейінді және бейінді оқытуды іске асыру;
- адами капиталды дамыту және педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру;
- материалдық-техникалық жағдайлар жасау.

#### Құндылықтар:

- шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;
  - қарым-қатынас жасау қабілеті;
  - өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау;
  - жауапкершілік;
  - денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету;
  - өмір бойы оқуға дайын болу.

Мектепалды даярлық класының оқу жоспарының негізгі апталық жүктемесі 20 сағатты құрайды.:

#### **1-4 – кластарда білім беру үдерісін ұйымдастыру:**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ);

«Сағыз орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекеменің №1 31.08.2023ж. педагогикалық кеңестің шешімімен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген)

2023-2024 оқу жылында мынадай өзгерістер енгізілді:

Оқу жылының ұзақтығы 1 сыныптарда 33оқу аптасын, 2-11 сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды.

1-2 сыныптарда «Көркем еңбек» кіріктірілген пәнінің орнына «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндерін жек оқыту жалғасады. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту жалғасады. «Шетел тілі» пәні оқытылмайды.

"Цифрлық сауаттылық" оқу пәні 1- класта білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, 2023-2024 оқу жылының 2-жартыжылдығынан бастап аптасына 1сағаттан оқытылады.

2023-2024 оқу жылында сыныпты екі тапқа бөлу қалалық білім беру ұйымдарында сыныптарда білім алушылар саны-24 және одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар саны-20 және одан артық болғанда жүзеге асырылады.

- 1) Шетел тілі
- 2) Көркем еңбек
- 3) Информатика

#### 4) Орыс тілі

1-4 кластарында оқушылардың пәнге деген танымдық қызығушылығын арттыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту мақсатында төмендегі сабақтар енгізілді:

- 1 класта - (1с) «Көркем жазу»
- 2 класта – (2с) «Көркем жазу», «Логика әлемі»
- 3 класта - (1с) «Қызықты математика»
- 4 класта - (1с) «Математика әлемі»

#### ***1-4-сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:***

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына 1-қосымша. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына

1-қосымшамен бекітілген бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

#### ***5-9-сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:***

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығына 6-қосымша. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 6-қосымшамен бекітілген негізгі білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

#### **Вариативті компонент**

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9 сыныптарына арналған “Жаһандық құзыреттер” курсы

Курстың мексаты: Жаһандық азаматтық құзыреттілікке ие бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру.

5-9 сыныптарда курс 5 бірлікті қамтиды: “Парасаттылық және этика”, “Азаматтық және патриотизм”, “Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық”, “Тіршілік қауіпсіздігі”, “Экология және мәдениет”, 9 сыныпта “Зайырлылық және дінтану”.

Жаһандық құзыреттілік 5-8 кластар арасында 0,5 сағаттан 5 оқу сағаты берілді. 9 сыныпқа “Зайырлылық және дін тану негіздері” курсынан дін туралы дұрыс түсінік беру, зайырлы қоғамда өмір сүруге үйрету мақсатында 1 сағаттан 1 оқу сағаты берілді

#### ***10-11-сыныптарда білім беру процесі келесі құжаттар негізінде жүзеге асырылады:***

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығына 39-қосымша. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 39-қосымшамен бекітілген жалпы білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

Таңдау пәндері–10 сыныпқа «Қызықты физика» тақырыбында физика пәні бойынша оқушылардың теориялық, практикалық білімдерін пысықтау мақсатында 1 сағаттан - **1 оқу сағаты**, оқушыларда мектеп бағдарламасы аясынан шығып кететін, алайда болашақ математикалық білімді меңгеруге жетелейтін және мектептің жоғары сатысында бағыт таңдауға ыңғал ететін математикалық мәдениетін көтеру мақсатында «Жас математик» тақырыбында 1 сағаттан - **1 оқу сағаты**, 11 сыныпқа оқушылардың математикалық сауаттылығын нығайту арқылы құзыреттілік деңгейлерін көтеру мақсатында «Математикалық сауаттылық-заман талабы» тақырыбында 1 сағаттан- **1 оқу сағаты**, информатикадан білім беруде компьютерлік технологиялармен есептерді программалау арқылы, оқушылардың танымдық және практикалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Python программалау ортасының есептерін шығару» тақырыбында 1 сағаттан-**1 оқу сағаты** берілді.

10-11 сыныптарға «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» 1 сағаттан – **2 оқу сағаты** берілді.

**Жоғары деңгей бойынша барлығы 6 оқу сағаты берілді.**

1. Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі – ЖББ ҮОЖ) және МЖМБС талаптарына сәйкестігі.

«Сағыз орта мектебі» КММ 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары мектеп директорының, аудандық білім бөлімінің келісімімен бекітілген. Жұмыс жоспарына сай 2023-2024 оқу жылына мектеп кәсіподақ келісімен, мектеп директоры бекіткен сабақ кестесі бар. Сабақ кестесі оқу жылының оқу жоспар түрлерін басшылыққа ала отырып, жасалған. Сабақ кестесін құруда мектеп әкімшілігі әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормаларын, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстарын ескере отырып, автоматтандырылған бағдарламаларды пайдалану ұсынылады. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасын ескеру және ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларының 4-қосымшасына сәйкес пәндерді қиындығына қарай саралау кестесін пайдаланған және 75-қосымшада көрсетілгендей жалпы білім беру ұйымдарының барлық түрінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 5 минут, үлкен үзілі орнына екінші және төртінші сабақтан кейін әрқайсысы 15 минуттан екі үзіліс жасалған. Үзілістерде таза ауаны кіргізіп, кабинеттерде ылғалды тазалық жүргізіледі. Бірінші аусымдағы сабақ 8.00-ден 14.05-ке дейін өткізіледі. Екінші аусым сабағы сағат 14.00-де басталады.

**2. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жана білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс

***2023-2024 оқу жылы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы келесідей негізгі құндылықтарды басшылыққа алады:***

***«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»***

1. ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады.
2. жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

***«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:***

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

## **Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдікқасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

## **Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

## **3. Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

### **I. Ұлттық мүдде құндылығы:**

- ✓ Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- ✓ Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- ✓ Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- ✓ Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- ✓ Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- ✓ Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- ✓ Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;



- ✓ Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

***Күтілетін нәтижесі:***

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

***Ұсыным***

- ✓ Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары
- II Ар-ұят құндылығы:**
- ✓ Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
  - ✓ Адал еңбекті құрметтеу;
  - ✓ Сөзіне берік, ісіне адал болу;
  - ✓ Халқына адал қызмет ету;
  - ✓ Әдеп нормаларын ұстану;
  - ✓ Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
  - ✓ Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
  - ✓ Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

***Күтілетін нәтижесі:***

- ✓ Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;
- ✓ Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- ✓ Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- ✓ Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- ✓ Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

**III Талап құндылығы:**

- ✓ Сыни және креативті ойлау;
- ✓ Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- ✓ Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- ✓ Физикалық белсенді болу;
- ✓ Салауатты өмір салтын ұстану;
- ✓ Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- ✓ Дұрыс қарым-қатынас орната білу;
- ✓ Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

***Күтілетін нәтижесі:***

- ✓ Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- ✓ Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- ✓ Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Мектепте мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Р.Тайшыбай қызмет жасайды.

**Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт** – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

Мектепте 1-11 сынып аралығында 15 сынып комплектісі бар, барлығы 278 оқушы оқиды. Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді. Сынып жетекшілердің барлығы жоғары білімді, бірлестік бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарады.

*2023-2024 оқу жылында мектептердің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда «Ата-аналар педагогикалық қолдау орталығы» құру, сондай-ақ «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру қолға алынды.*

Сонымен қатар «Шебер қолдар», «Балдәурен хор», «Шұбар доп» волейбол үйірмелері жұмыс жасауда. Бастауыш сыныптар мен орта буын оқушылары, жоғары сынып оқушыларымен (ер балалар мен қыз балалар) секциялары өткізіледі.

Мектепте «Тәуекел» тобында оқушы жоқ. Байғанин аудандық КТІЖИ есебінде оқушы есепте тұрған жоқ.

- әдептілік, әділеттілік, мейірімділік, адалдық, отаншылдық, қамқорлық, азаматтық жауапкершілік, еңбекқорлық, ұлттық мұра мен қазақ тілін қастерлеу, қоғам игілігіне қызмет ету, денсаулық пен салауатты өмір салтын ұстану секілді қасиеттерді қалыптастыруға тұғыр болатын ұлттық мүдде, ар-ұят, талап құндылықтарын дарытуға ықпал ететін дөңгелек үстелдер, пікірталастас, талқылау, рөлдік ойындар, кейстерді шешу және т.б. формада өткізу ұсынылады;

– **Құндылықтар тәрбие жұмысының нәтижесі ретінде білім алушылардың мінез-құлқы мен тұлғалық қасиеттері арқылы көрініс табуы үшін сынып сағаттарын өткізу ұсынылады;**

«Адал ұрпақ» ерікті клуб мүшелері ауыл тұрғындарына «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» акция аясында парақшалар таратып, түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

4-сынып оқушыларына «Парасаттылық-адамдықтың белгісі» 5-класс оқушыларына «Парасаттылық академиялық» тақырыбында адалдық сағаттары өткізілді. Адалдық сағатында оқушылар өз ойларын ортаға салып, адалдық пен парасаттылық туралы өз көзқарастарын білдірді.

«Қайырымды істер марафоны» атты акцияның жоспарына сәйкес мектеп психологі 5-класс оқушыларымен «Армандар картасы» тақырыбында психологиялық тренинг жүргізді.

Мақсаты: Оқушының арман-тілегін қағаз бетіне түсіру арқылы өз-өзіне деген сенімділіктерін арттыру.

Сонымен қатар ата-аналарға «Шаңырақ шаттығы» тақырыбында психологиялық тренинг өткізілді.

Мақсаты: Ата-аналардың бала бойындағы дара құндылықтарын айқындай түсуіне жағдай жасау.

Мұғалімдер күніне орай 2023 жылдың 5-қазан күні мектебімізде "ДУБЛЕР КҮНІ", яғни білім алушылардың өзін-өзі басқару күні өтті. Дублер күнінің мақсаты - мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру.

Мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдерінің рөліне үміткер мектеп парламенті мүшелері Президенті, 10-11- сынып оқушылары ұсынылып, қызметкерлердің рөлін, міндеттерін ұсынылған оқушылар атқарып, сабақтарын өтті. Дублер күнінің нәтижелері бойынша мектеп оқушыларының жиыны өткізіліп, Дублер күні қорытындыланды.

Оқушылар арасында белсенді өмірлік ұстамдарды қалыптастыру, сайлау заңнамасындағы құқықтық мәдинетті жетілдіру, оқушыларды әлеметтендіруге жағдай жасау мақсатында

өзін-өзі басқару ұйымының мектеп президенті сайлау және «Жас Ұлан» ұйымының Ұланбасын сайлау рәсімі ұйымдастырылды.

**- Сынып сағаттарын мектептің педагог-психологімен, медбикемен, кітапханашымен бірлесіп өткізу ұсынылады;**

«Қызғалдақ» қыздар ұйымының ұйымдастыруымен «Қыз тәрбиесі- ұлт тәрбиесі» тақырыбында қыздар арасында дөңгелек үстел өткізілді.

**Мақсаты:** Қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай әдептілік, көріктілік, ептілік, инабаттылық, кішіпейілділік, сұлулық т.б. жан-жақты ұлттық қасиеттерін таныта білу.

Мектеп медбикесі мектеп оқушыларына «Синтетикалық есірткіден сақтану» атты танымдық сабақ өткізілді.

Мақсат: Есірткінің зиян екенін, одан әрдайым аулақ болу керектігін түсіндіру.

«Қызғалдақ» қыздар ұйымы 8-11 сыныптың қыздарына мектеп медбикесі "Ерте жүктіліктің ертеңі қандай" тақырыбында түсіндірмелі әңгіме жүргізді.

Мақсаты: ерте жүктіліктің алдын алу.

«Қызғалдақ» қыздар ұйымының жетекшісі мен мектеп психологі 8-11 сыныптың қыздарына "Қыздар қандай болу керек? тақырыбында сұхбат жүргізді.

Мектеп кітапханасында «Әлемге әйгілі- Әуезов» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді.

Мұхтар Әуезовтің өмірі мен тағдыры өскелең ұрпақты отансүйгіштікке, өз тарихын құрметтеуге, ұлттық киелі орындармен таныстыруға, нені түсінуге

тәрбиелеудің қуатты құралы. Өйткені, қиындықтарды жеңуге көмектесетін, дұрыс жолды көрсететін және жанды қуатпен толтыратын кітаптар.

"Күзде біз жалықпаймыз,кітап оқимыз" тақырыбында оқушылар арасында челлендж ұйымдастырылды. Оқушылар өздерінің демалыс кезінде оқыған қызықты кітаптары туралы ойларымен бөлісті.

**-Бірлескен жобаларды немесе әлеуметтік тәжірибелерді («Қайырымдылық», «Қарияға қол ұшын соз» және т.б. акциялар) іске асыру ұсынылды нәтижесінде ;**

Республика күніне орай ұйымдастырылған «Жанашыр жүрек» акциясы аясында 9-сынып оқушылары ауылымыздағы жалғыз басты әженің үйіне барып қол көмектерін беріп алғысын алып қайтты.

«Ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруді» мақсат еткен «Қайырымды істер марафоны» аясында мектеп жанына құрылған қоғамға қызмет еріктілер клубының мүшелері «Жанымда жүр жақсы адам» акциясы ұйымдастырылды»

**– Тәрбие жұмысын күшейтуге мүдделі мемлекеттік органдарды тарту (кездесулер, бірлескен іс-шаралар, акциялар, жарыстар, жобалар конкурстары, кәсіптік бағдарлау кездесулері, профилактикалық әңгімелер және т. б.) – танымал, атақты тұлғаларға, оның ішінде мектепке аты берілген тұлғалар туралы тереңірек білуіне бағытталған іс-шараларды өткізілді;**

«Ұстаздар күніне орай» мектебімізде ұстаздар аллеясы ашылды. Сонымен бірге осы мектепте Қазақ ССР Халық ағарту ісінің озық қызметкері Әбиев Жарылғас Әбиұлының құрметіне орай математика кабинеті ашылды, және саясаттану ғылымдарының докторы, профессор Жаулин Киікбай Мыңбайұлының есімі тарих кабинетіне берілді.

Мектеп мұғалімдері құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша түнгі кезекшілік рейд жүргізілді. Түнгі рейдке ата-аналар комитетінің төрайымы және ауылдық учаскелік инспекторы қатысты.

«Құқық бұзушылықтың алдын алу» бойынша 7-11-сынып ербалаларына ауылдық учаскелік инспектор Т.Мәлікұлы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

**Еңбекқорлыққа тәрбиелеу үшін келесі жобалар ұсынылады:**

1-қазан «Халықаралық қарттар күніне орай «Қарттарын қадірлеген ел ардақты»» тақырыбында 10-класс жетекшісі Құлметова Бақтыгүл және 6-сынып жетекшісі Өскінбай Жадыра оқушыларымен бірге ауылымыздың қазыналы қарттарына барып құттықтап, сыйлықтарын тапсырды.

«Ақылды қария ағып жатқан дария» атты ардагерлермен кездесу кеші өткізілді. Сонымен қатар «Қарттарым асыл қазынам» атты бірыңғай тәрбие сағаттары өтті.

Талғат Ернар 8-сынып оқушыларын еңбек күніне орай «Еңбек түбі береке» тақырыбында эссе жаздырды.

Оқушылардың сөйлеу дағдыларын жетілдіру, ой өрісін дамыту. Оқушылардың еңбексүйгіштікке, шаруақорлыққа, іскерлікке үнемді болуға тәрбиелеу.

**- Ар-ұят, намыс, адалдық, жауапкершілік сияқты құндылықтарды жетілдіру үшін мынадай тақырыптағы жобалар ұсынылады:**

5-қыркүйек Алаш ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне және Тілдер мерекесіне орай «Тіл- кемел болашақтың тұғыры» атты апталық аясында «Қазақ халқының ұлт-көсемі» тақырыбында танымдық сабақ өткізілді.

Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығы жайлы бір қатар деректермен бөлісті. Балалар сұрақ – жауапқа қатысып, өлеңдер оқып, өз ойларын ашық жарқын, емін еркін білдірді.

Отбасы күніне орай 12-қыркүйек күні «Отбасым-бақыт мекені» атты көңілді старт аналар сайысы өткізілді. «Отбасы құндылығы» тақырыбында қабырға газеттері шығарылып ілінді,

«Отбасы тәрбие көзі» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді.

**Мақсаты:** Отбасы құндылықтарын дәріптеу, ата-ана мен баланың арасындағы қатынасты тәрбиелеу, оқушылардың бойында отбасына деген сүйіспеншілікті тудыру.

25- қазан Республика күніне орай 10-сынып оқушыларымен «Қазақстан-достық мекені» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың Отанын мақтан етуге, сүйуге, тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қастерлейтін саналы да парасатты азамат тәрбиелеу.

Сонымен бірге 11-сынып оқушылар арасында «Менің арманымдағы-Қазақстан» тақырыбында эссе байқауы өткізілді.

Осы мерекеге орай мектеп ұстаздары мен білім алуышалары «Қазақстан даусы» мемлекеттік гимін орындау шарасы өткізілді.

9-11 –класс оқушылар арасында «Мен елімнің азаматымын» және «Тәуелсіз елдің ұрпағымын» тақырыбында дебат сайысы өткізілді.

4-5-класстар арасында музыка пәнінен «Тәуелсіздік балашағым» атты әндер челлендж, «Қазақстан-кең байтақ жерім» тақырыбында сурет көрмесі, «Байтақ елім-Қазақстан» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастыры. Сонымен бірге барлық класстарға «Бірлігіміз жарасқан-Қазақстан» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өткізілді.

«Ұлттық теңге-ұлттық мақтанышымыз» тақырыбында 6-сыныпта тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: Төл теңгенің тарихы, өз ұлттық теңгеміздің айналымға енуі, қалай, кімдер жасағаны туралы мағмұлат беру.

Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында оқушыларға, ұлттық құндылықтарымызды дәріптей отырып, тәрбие жоспарына сәйкес “4 тоқсан-4 өнер” жобасына сәйкес 1-11 сынып оқушылары арасында білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, елдің мәдени мұрасын сақтау және ұлттық ойындарды насихаттау мақсатында “Бес асық”, “асық ату” ұлттық ойындарынан челленджі өткізілді. Оқушылар челледж барысында ептіліктерін көрсетіп, мергендік танытты.

«Қатыгездіксіз және зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» науқанының іс-шаралар жоспары аясында 7-класс оқушыларының арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша тәрбие сағаты өткізіліп, жар газеттері шығарылды

Мақсаты: құқықтық, рухани және дене тәрбиесі арқылы жастардың зорлық-зомбылыққа, қатыгездікке қарсы тұруын дамыту.

**-Салауатты өмір салтының маңыздылығын түсінуі және денсаулықты нығайтатын әдеттерге дағдылануы үшін келесі жобалар тақырыптары ұсынылады:**

“Тоғыз айға тоғыз іс-шара” тұжырымдамасы бойынша қыркүйек айы “Сергіту сәтін” өткізу барысында, балалардың салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында “Біз спортты сүйеміз” атты ұранмен 1-11 сынып оқушыларының қатысуымен Республикалық челленджі өтті.

Челлендж мақсаты – балаларға салауатты өмір салтын насихаттау болып табылады.

Мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен «Жас қыран» ұйымының мүшелеріне «Абайлаңдар балалар!» тақырыбында жол ережесін түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Балалардың жол ережесі туралы білімін кеңейту, жол ережесін қатаң сақтауға дағдыландыра отырып, көше ережесіне байланысты ұғымдар мен терминдерді білу адам өмірі үшін қажеттілігін түсіндіру;

Мұрагер ұлдар ұйымына «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» (Зорлық –зомбылық, бопсалау) туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу;

«Нашақорлыққа қарсымыз!» жоспар аясында 9-сынып оқушыларының ұйымдастырылуымен кіші футболдан жарыс өткізілді.

Мақсаты: жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын насихаттау, балаларды спортпен айналысуға ынталандыру.

«Вейп - темекілер денсаулыққа өте зиян» тақырыбында алдын алу үшін биология пәні мұғалімі Ержанқызы Айгүл 11-класс оқушыларына біршама мәлімет берді. Ең алдымен оның химиялық құрылымымен таныстырып, болашақта қандай кеселге әкелетіні жайлы мағлұмат берді.

8-9 – класс оқушыларымен «Зорлық зомбылықсыз балалық шақ» тақырыбында диалог алаңы ұйымдастырылып, өткізілді.

Мақсаты: Балаларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Балаларға өз жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті тұлға болып өсуіне тәрбиелеу.

4.Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру .

Мектепте мүмкіндігі  
2оқушы бар. Облыстық ПМПК шешімі бойынша инклюзивті оқыту бағдарламасы ұс  
ынылған 7сыныпта Мақсатова.А.

Диагнозы: Нарушения слуха “Слабослушающий ребёнок”

8 сыныпта Тұрарбек А диагнозы: “Нарушение психический развитие”

Ұсыныс: Жалпы білім беретін мектептерде бейімделген бағдарламамен оқыту.

Инклюзивті оқитын 2 оқушының оқу жұмыс жоспары келесідей нормативтік құжаттардың негізінде әзірленген:

Қазақстан республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 365 бұйрығына 6-қосымша. ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына 6-қосымшамен бекітілген негізгі білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 және 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрықпен бекітілген негізгі және бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

Үйден оқыту: 1 оқушы

8сыныпты Жарлығас М.А. диагноз: “Орташа ақыл-ой кемістігі бар”. Ұсыныс: Жалпы білім беретін мектептерде жеке бағдарламамен оқыту.

Үйден оқитын 1 оқушының оқу жұмыс жоспары келесідей нормативтік құжаттардың негізінде әзірленген:

ҚР Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген негізгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген негізгі білім берудің үлгілік оқу жоспары.

ҚР Білім және ғылым министрінің 8-қараша 2012 жылғы № 500 бұйрығының 9-қосымша 11-тарауына сәйкес оқыту. Қазақ тілінде жүргізілетін үйде жеке тегін оқытатын орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған үлгілік оқу жоспары.

Мұғалім әр оқушының жеке мүмкіндіктерін, білім беру және жеке жетістіктерін бақылау нәтижелерін ескере отырып, оқытудың мазмұнын, әдістерін, формаларын, дидактикалық құралдарын өз бетінше таңдайды. Оқытудың мазмұны: өзі туралы түсініктерді; шаруашылық еңбек және тіршілікті қамтамасыз ету дағдыларын; қоршаған орта туралы қолжетімді түсініктерді және әлеуметтік және табиғи ортадағы бағдарлауды; коммуникативтік біліктерді; қолжетімді еңбек қызметін; практикалық бағыты бар және тәрбиеленушілердің психофизикалық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін жалпы білім беретін пәндер бойынша қолжетімді білімді қалыптастыруға бағытталған. Білім беру ұйымы үлгілік оқу жоспарының негізінде білім алушылардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, әрбір сынып үшін жұмыс оқу жоспарын жасайды. Психологиялық-педагогикалық қолдау мұғалімдері мен мамандарының жұмысы командалық тәсілді қолданады.

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде № 11716 болып тіркелген) білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – біліктілік талаптары) сақтау. Біліктілік талаптарының сақталуы бойынша барлық растайтын құжаттары (жабдыққа арналған жүкқұжаттардың және/немесе бухгалтерлік есептік деректерінен негізгі құралдардың тізбесі көшірмелері), осы Өлшемшарттардың 10, 11, 12, 13, 14, 17-қосымшаларына сәйкес толтырылған

кестелер, оның ішінде жалпы білім беру ұйымы бойынша оқу және оқу-зертханалық жабдықтар мен жиһаздардың болуы жөніндегі бейне материалдар қоса беріледі.

2023-2024 оқу жылында «Сағыз орта мектебі» КММ-дегі педагогикалық кадр біліктілігіне тоқталсақ, мектепте 45 мұғалім. Білімі бойынша: жоғары-37, арнаулы орта-8.

Педагог-зерттеуші-9, педагог-сарапшы-10, педагог-модератор-4, санаты жоқ-22. Әлеуметтік педагог -1, психолог-1, тәлімгер-1, кітапханашы-1, логопед-1.

Білімі бойынша	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
барлығы	47	45	45
жоғары білімді	39	38	37
орта кәсіптік	8	7	8

Санаты бойынша	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Жоғары санат	-	-	-
I санат	3	1	-
II санат	2	1	-
Педагог-модератор	4	4	4
Педагог-сарапшы	9	9	10
Педагог-зерттеуші	10	10	9

Мектеп мұғалімдері негізінен облыстық мұғалімдердің біліктілікті арттыру және қайта даярлау институтынан базалық және жаңартылған білім беру мазмұны бойынша курстан өтті. Аудандық, облыстық, ғылыми практикалық конференция мен семинарларға қатысу барысында озық педагогикалық іс тәжірибелерімен алмасты. Өз пәндері бойынша республикалық, облыстық, аудандық баспасөздерге жазылу арқылы әдістемелік және ғылыми тұрғыда үздіксіз өз білімдерін жетілдірді.

Курс түрі	2021-2022 оқу жылы	2022-2023 оқу жылы	2023-2024 оқу жылы
Базалық	-	8	8
Жаңартылған білім беру	1	-	-
Басқа	1	1	1

Сағыз орта мектебі бойынша 4 интерактивті тақта, 10 компьютер, 40 ноутбук бар. Паспортталған мультимедиялық кабинет, физика кабинеті, химия кабинеті, география кабинеті, бастауыш кабинеті, тарих кабинеті, орыс тілі кабинеті, биология кабинеті, математика кабинеті, АӘД кабинеті. Шеберхана (ұлдарға) ағашпен жұмыс жасайтын станоктармен жабдықталған. Асхана 60 адамға арналған және қажетті құрал – жабдықтармен толық қамтылған, оқушылар 2 ауысымда тамақтанады. Спортзал 148.3м шаршы аумағында, 50 оқушы еркін сияды, АӘД пәнінен қару-жарақ сақтау бөлмесі бар. Интернетке еркін ену 1 нүктесі бар, интернет жылдамдығы 10Мбит/с. Интерактивті тақта-бастауыш кабинетінде, химия, мультимедия, биология кабинетінде бар. Сонымен қатар, биология, физика кабинеттеріндегі LED экранды телевизорды барлық пән мұғалімдері сабақтарында қолдануда және де пәндер бойынша, сыныптан тыс жұмыстардың флипчарттар қоры жинақталуда. Мектепте 250 электронды оқулық бар. Әр сыныпта оқу-әдістемелік құралдары мен дидактикалық материалдар, электрондық оқулықтар қолданылады. Мұғалімдердің 100% компьютерді қолдана біледі.



## Комиссия мүшелері қатысқан сабақтың сапасы.

Өзін өзі аттестаттау барысында комиссия мүшелері 24 сабаққа және ақылы үйірменің жұмыстарына қатысты. Мектепте пән мұғалімдері диплом бойынша сабақ беруде. Тексеріс барысында мұғалімдердің түйінді мәселесі мен сабақта қолданылатын технологиямен сабақтарды өткізеді. Мұғалімдердің 25%-ы сабақты дәстүрлі әдіспен өткізеді. Күнітзбелік-тақырыптық жоспарлары бекітілген, өз білімін жетілдіру жоспарлары бар, күнделікті сабақ жоспарлары күнітзбелік-тақырыптық жоспармен және Bilimclass электронды журналымен сәйкес келеді. Өзара сабаққа қатысу дәптерлері түгел емес.

Мектепте волейбол, футбол, шахмат, шаңғы, теннис, жеңіл атлетика, бес асық, асық ату спорт секциялары жұмыс жүргізеді.

Бекітілген оқу-тәрбие жоспары бойынша жоспарланған жұмыстар орындалған, мұғалімдердің сабақты өткізу деңгейі жақсы.

2022-2023 оқу жылында білім сапасы:

1-тоқсанда 54,3%

2-тоқсанда 54% .

3-тоқсанда 57% .

4-тоқсанда 58%.

Жылдық 59% .

2023-2024 оқу жылының I тоқсанында-53% .

Орындайтын жұмыс пен сабақ жүктемесі мұғалімдердің біліктілігіне сәйкес келеді.

Талдау жұмыстары жасалынып, педагогикалық және директор жанындағы кеңесте қаралды және де төмендегідей ұсыныстар айтылды:

- \* Сабақта жаңартылған білім беру мақсатында инновациялық технологияны қолдану;
- \* Оқушыларды «Дарын» олимпиадаларына, Республикалық пәндік олимпиадаларына, ғылыми жобаларға қатысуын арттыру;
- \* Педагог қызметкерлердің кәсіби конкурстарға белсене қатысуын қадағалау;
- \* Пән мұғалімдері мен оқушылардың спорттық сайыстар, жарыстарға қатысу белсенділігін арттыру;
- \* Жалпы білім сапасын арттыру.

Мектеп директоры:



Г.М.Жумагазина